

Ойын бизнесінің акциз ставкасын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2005 жылғы 6 желтоқсандағы N 24-166 шешімі . Алматы облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 13 қаңтарда N 1957 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық Кодексі) 258 бабының 4 тармағына, "2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қазандағы N 1001 Қаулысына сәйкес, Алматы облыстық Мәслихат

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Ойын бизнесінің акциз ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. 2002 жылғы 26 шілдедегі N 764 нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, Алматы облыстық Мәслихатының 2002 жылғы 24 маусымдағы "Ойын бизнесінің акциз ставкасын бекіту туралы" N 22-144 және 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 982 нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, Алматы облыстық Мәслихатының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы "Алматы облыстық Мәслихатының 2002 жылғы 24 маусымдағы N 22-144 "Ойын бизнесінің акциз ставкасын бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" N 31-166 шешімдерінің күші жойылды деп е с е п т е л с і н .

3. Осы шешім ресми түрде бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с т ы қ М ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихат хатшысы

Алматы облыстық Мәслихатының
"6" желтоқсан 2005 жылғы N 24-165
"Ойын бизнесінің акциз
ставкасын бекіту туралы"

шешіміне қосымша

Ойын бизнесі акциз ставкасының құны

--	--	--

N	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Ойын бизнесі акциз ставкасының құны		
		1 категория	2 категория	3 категория
1	Ойындық бизнес			
	Казино (бір ойын үстелі үшін)			
	Рулетка	300	300	300
	Карта ойнайтын үстел	300	300	300
	1 ойын үстелі үшін (ойын мекемесі ұйымдастырушы және немесе байқаушы ретінде)	300	300	300
	Ақшалай ұтыспен ойын автоматтары (бір ойын автоматына)	10	10	10
	Тотализатор кассасы (1 касса үшін)	160	160	160
	Букмекерлік кеңсесі кассасы (1 касса үшін)	40	40	40
	Лотарея ойындарын ұйымдастыру және жүргізу	Акциз сомасы енбеген, жұлде қорына жатқызылатын сома шегерілген, мәлімделген түсімнің 10%-і		

1 категория: Іле, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары және Т а л д ы қ о р ғ а н қ а л а с ы ;

2 категория: Жамбыл, Панфилов аудандары және Қапшағай қаласы;

3 категория: Ақсу, Алакөл, Балхаш, Қаратал, Көксу, Кербұлақ, Райымбек, Сарқанд, Ескелді, Ұйғұр аудандары және Текелі қаласы.